**«Қазтелерадио» АҚ**
**Басқармасының**
**2024 ж. «03» қыркүйек № 21**
**шешімімен бекітілген**

# «Қазтелерадио» АҚ еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы саясаты

ҚАЗТЕЛЕРАДИО
ҚҰЖАТ ҚАЙТА ҚАРАЛДЫ
«ҚАЗТЕЛЕРАДИО» АҚ
ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗДІК ТЕХНИКАСЫ ҚЫЗМЕТІ
Қолданылу мерзімі
«03» қыркүйек 2027 ж. дейін ұзартылды
Лауазымы ЕҚ және ҚТҚ бастығы
Т.А.Ә. О.В. Русинова
Қолы
Күні «03» сентября 2024 ж.
ДОКУМЕНТ ПЕРЕСМОТРЕН
СЛУЖБОЙ ПО ОХРАНЕ ТРУДА И ТЕХНИКЕ БЕЗОПАСНОСТИ
АО «КАЗТЕЛЕРАДИО»
Срок действия продлен до
«03» сентября 2027 г.
Должность начальник СОТиТБ
Ф.И.О. Русинова О.В.
Подпись
Дата «03» сентября 2024 г.

**Әзірлеген:**
**О.В. Русинова**
**Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы қызметінің бастығы**

## 1. Жалпы ережелер

1. «Қазтелерадио» АҚ еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы саясаты (бұдан әрі – ЕҚжЕҚ жөніндегі саясат) «Қазтелерадио» АҚ жұмыскерлерінің еңбек етуінің салауатты және қауіпсіз жағдайларын қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне, Жарғыға, ішкі құжаттарға және Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын өзге де заңнамалық және нормативтік актілерге сәйкес әзірленді.

2. ЕҚжЕҚ саясаты – «Қазтелерадио» АҚ басшылық құрамының көшбасшылық рөлін, ресурстарды басқару мен қамтамасыз етудің тиімді жүйесін құру және нығайту арқылы еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғауды үздіксіз жетілдіру бойынша жұмыскерлер алдындағы міндеттемелер туралы ресми мәлімдеме.

3. ЕҚжЕҚ саясаты персоналмен жұмыс істеудің мақсаттарын, принциптерін, бағыттарын айқындайды, бұл «Қазтелерадио» АҚ орталық аппаратының құрылымдық бөлімшелерінде және филиалдарында еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы бойынша жұмысты ұйымдастырудың бірыңғай жүйесі болып табылады.

4. ЕҚжЕҚ жөніндегі саясат ОА-тың барлық құрылымдық бөлімшелеріне және «Қазтелерадио» АҚ филиалдарына қолданылады.

## 2. Қысқартулар

5. ЕҚжЕҚ саясатында мынадай қысқаруталр қолданылады:

1) ҚР – Қазақстан Республикасы;
2) Қоғам – «Қазтелерадио» АҚ;
3) ОА – Орталық аппарат;
4) ҚБ – құрылымдық бөлімшелер;
5) ЕҚжҚТ – еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы;
6) ЕҚжЕҚ – еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау;
7) ІНҚ – ішкі нормативтік құжат.

## 3. Нормативтік сілтемелер

6. Осы құжатта қолданыстағы ҚР заңнамалық және нормативтік құжаттары мен Қоғамның ІНҚ пайдаланылды:

1) ҚР Еңбек кодексі;
2) ҚР Қылмыстық кодексі;
3) «Өрт қауіпсіздігіне жалпы талаптар» техникалық регламенті;
4) ҚР «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» кодексі;
5) Жұмыскерлерді, басшыларды және ЕҚжЕҚ қамтамасыз етуге жауапты адамдарды еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша оқыту, нұсқау беру және білімді тексеру қағидалары мен мерзімдері;
6) ҚР Денсаулық сақтау министрінің м.а. «Міндетті медициналық қарап-тексеруге жататын тұлғалардың нысаналы топтарын, сондай-ақ, оларды жүргізу қағидалары мен кезеңділігін, зертханалық және функционалдық зерттеулердің

көлемін, медициналық қарсы көрсетілімдерді, орындалуы кезінде жұмысқа кірісер алдында алдын ала міндетті медициналық қарап-тексерулер және мерзімді міндетті медициналық қарап-тексерулер жүргізілетін зиянды және (немесе) қауіпті өндірістік факторлардың, кәсіптер мен жұмыстардың тізбесін, «Алдын ала міндетті медициналық қарап-тексеруден өту» мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы;

7) «Қазтелерадио» АҚ филиалдарының техникалық персоналын жарақтандыру нормалары;

8) Өндірістік объектілерді еңбек жағдайлары бойынша міндетті мерзімдік аттестаттау қағидалары;

9) Тұтынушылардың электр қондырғыларын пайдалану кезіндегі қауіпсіздік техникасы қағидалары;

10) «Өндірістік мақсаттағы ғимараттар мен имараттарға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары;

12) Қазақстан Республикасының телерадио хабарларын тарату ұйымдарындағы еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау талаптары;

13) «Қазтелерадио» АҚ филиалдарының персоналына арнаулы киім, арнаулы аяқ киім және басқа да жеке қорғаныс құралдарын тегін беру нормалары.

## 4. ЕҚжЕҚ саласындағы негізгі принциптері

7. Өндірістік қызмет нәтижелеріне қатысты жұмыскерлердің өмірі мен денсаулығының басымдығын мойындау.

8. Егер олар өндірісте жұмыс істейтіндердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мүдделеріне қайшы келсе, ешқандай экономикалық, техникалық немесе туындаған өзге де сипаттағы ой-пікірлерді назарға алуға болмайды.

9. Қоғам персоналы жоғары өндірістік мәдениетті қалыптастырудағы негізгі ресурс болып табылады.

10. Қоғамның барлық жұмыскерлері ЕҚжҚТ-на қатысты талаптарды орындауға жауапты.

11. Қоғамның барлық жұмыскерлерінің ЕҚжЕҚ талаптарын қатаң сақтауы оның қызметінің сәтті болуында шешуші рөл атқарады.

## 5. Мақсаттар

12. Өлімге әкелетін жарақаттануға, жазатайым оқиғаларға, кәсіптік ауруларға және өндірістік аварияларға жол бермеу.

13. Жұмыскерлердің өмірі мен денсаулығына зиян келтіруі мүмкін тәуекелдерді азайту.

14. ЕҚжҚТ саласындағы білім мен дағдылардың деңгейі мен сапасына, құзыреттілікке, еңбек қауіпсіздігі мәдениетінің барлық деңгейлеріндегі жұмыскерлерді тәрбиелеуге, ЕҚжҚТ нормалары мен ережелерін сақтауға жауапкершілікпен қарауға нысанаға алу.

## 6. Іске асыру бағыттары мен бейілділік

15. ЕҚжЕҚ саласындағы ҚР қолданыстағы заңнамасы мен корпоративтік стандарттардың талаптарын орындауды қамтамасыз ету:

1) әрбір жұмыскер үшін қауіпсіз және салауатты еңбек жағдайларын қамтамасыз етуден;

2) еңбек жағдайларын ұйымдастыру және бағалауды жүргізуден;

3) ҚР ЕҚжЕҚ саласындағы талаптарына сай, нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу және қабылдау, жұмыстарды қауіпсіз жүргізу жөніндегі құжаттамамен қамтамасыз етуден;

4) ЕҚжЕҚ басқаруды үнемі жетілдіруден;

5) Қоғам жұмыскерлері үшін ЕҚжЕҚ саласындағы ақпараттың ашықтығы, айқындығы және қолжетімділігі үшін жағдайлар жасаудан;

6) қауіпсіз техника мен технологияларды енгізу, жұмыскерлерді жеке және ұжымдық қорғаудан;

7) ЕҚжЕҚ саласындағы мониторингтеуді жүзеге асырудан;

8) жұмыскерлердің өмірі мен денсаулығына залал келтіруі мүмкін тәуекелдерді арттыратын алғышарттар мен жағдайларға жол бермей, өндірістік жоспарларды орындау және экономикалық көрсеткіштерді жақсартудан;

9) өндірістегі жазатайым оқиғалар мен кәсіптік ауруларды есепке алудың бірыңғай тәртібін орнатудан;

10) ОА ҚБ мен филиалдары басшыларының мәжбүрлі әрекетсіздігіне әкеп соқтыратын ЕҚжЕҚ талаптарын бұзу фактілеріне үндемеуге немесе жасыруға жол бермейтін Қоғамдағы ішкі сенімгерлік диалогты дамытудан;

11) ҚР ЕҚжЕҚ саласындағы заңнамасы талаптарының сақталуын қадағалау және бақылаудан;

12) лауазымды тұлғалардың ЕҚжЕҚ саласындағы заңнаманың нормаларына немқұрайлы қарағандары, сондай-ақ, осы саладағы бұзушылықтарға қатысты өздеріне белгілі фактілерге әрекет жасамауының салдарынан ЕҚжЕҚ талаптарының бұзуылуына жол бергендері үшін жауапкершілігін қатаңдатудан;

13) ЕҚжҚТ саласындағы жұмыскерлердің құқықтары мен заңды мүдделерінің сақталуына қоғамдық бақылауды жүзеге асыруға жәрдемдесуден;

14) жұмыскерлердің оңтайлы еңбек және демалыс режимдерін қамтамасыз етуден;

15) жұмыскерлердің денсаулық жағдайын бақылауды ұйымдастыру және жүргізуден;

16) мердігерлік ұйымдардың ЕҚжЕҚ саласындағы ҚР-нда қабылданған стандарттар мен нормаларды және Қоғамда қабылданған ІНҚ сақтауынан, сондай-ақ, олардың қызметіне бақылауды күшейтуден;

17) өндірістегі жазатайым оқиғалардан және кәсіптік аурулардан зардап шеккен жұмыскерлердің, сондай-ақ, олардың отбасы мүшелерінің заңды мүдделерін қорғаудан;

18) өндірістің және еңбекті ұйымдастырудың заманауи техникалық деңгейі кезінде де болдырмауға мүмкін емес ауыр жұмыс пен зиянды және (немесе) қауіпті еңбек жағдайлары бар жұмыс үшін өтемақы белгілеуден;

19) еңбек жағдайлары мен еңбекті қорғауды жақсарту бойынша отандық және шетелдік озық жұмыс тәжірибесін таратудан;

20) ЕҚжЕҚ инженерлерін даярлау және біліктілігін арттырудан;

21) еңбек жағдайлары, сондай-ақ, өндірістік жарақаттану, кәсіптік сырқаттану және олардың салдарлары туралы мемлекеттік статистикалық есептілікті ұйымдастырудан;

22) қажет болған жағдайда Қоғамда ЕҚжЕҚ саласындағы саясатты қайта қарау, түзету және жетілдіруден көрінеді.

## 7. Мақсаттарға/ міндеттемелерге қол жеткізу жолдары

16. ЕҚжЕҚ қамтамасыз ету Қоғам қызметінің басым бағыттарының бірі деп есептеу.

17. Қоғам жұмыскерлерінің ЕҚжЕҚ саласындағы ҚР заңнамасының, халықаралық және ұлттық стандарттардың, техникалық регламенттердің, нормалар мен ережелердің, ЕҚжЕҚ қатысты Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын орындауын қамтамасыз ету және мердігер ұйымдардың сақтауын бақылауға алу.

18. Өндіріс қажеттіліктеріне сәйкес ЕҚжЕҚ бойынша жаңа ішкі нормативтік құжаттарды үнемі өзектендіріп отыру, ал қажет болған жағдайда әзірлеу.

19. Жұмыскерлерге жұмыс орындарында салауатты және қауіпсіз еңбек жағдайларын жасау, өндірістік жарақаттануды және кәсіптік ауруларды барынша азайтуға бағытталған іс-шаралардың кешенді жоспарларын әзірлеу және іске асыру, оларды қажетті ресурстармен уақытылы қамтамасыз ету.

20. Жұмыскерлерден ЕҚжЕҚ саласындағы нормалар мен ережелердің талаптарын сақтауды талап ету, осы талаптардың бұзылуын назардан тыс қалдырмау.

21. Өндірістік авариялар мен жазатайым оқиғалардың алдын алу, кәсіптік ауруларды азайту, өндірістік объектілердің санитариялық-техникалық жай-күйін жақсарту жөнінде пәрменді шаралар қабылдау.

22. Пайдалану кезінде барынша қауіпсіздік пен сенімділікті қамтамасыз ететін озық инновациялық технологияларды, қондырғыларды, жоғары технологиялық машиналарды, механизмдер мен жабдықтарды қолдану.

23. Жұмыскерлерді жеке және ұжымдық қорғаудың заманауи және тиімді құралдарымен қамтамасыз ету.

24. Бар және ықтимал қауіптерді уақытылы анықтау, тәуекелдерді бағалаудың толықтығына және оларды тиімді басқаруға қол жеткізу, оларды Қоғамның мақсаттарына сәйкес келетін деңгейге дейін төмендету, барлық жұмыскерлердің осы жұмысқа кеңінен тартылуын қамтамасыз ету.

25. ЕҚжҚТ саласында заманауи прогрессивті ақпараттық коммуникацияларды қолдану, хабардарлықты арттыру және Қоғамда жүргізіліп жатқан жұмыс, озық

халықаралық және корпоративтік тәжірибе, проблемалар мен олардың шешімдері туралы барлық мүдделі тараптармен персоналдың екіжақты және көпжақты ақпарат алмасуын қолдау.

26. ЕҚжЕҚ саласындағы өндірістік және ішкі бақылаудың тиімділігін арттыру; қажетті нұсқаулықтардың барлық түрлерін уақытылы жүргізу.

27. Жұмыскерлердің кәсіби білімі мен дағдыларының деңгейін үнемі арттыру, оларды ЕҚжЕҚ саласындағы талаптармен үйлестіру.

28. Жұмыскерлердің ЕҚжЕҚ саласындағы білімі мен дағдыларын ұдайы бағалау, заңнамада белгіленген оқыту бағдарламаларынан өтпеген және білімін тексеруден өтпеген жұмыскерлерді жұмысқа жібермеу.

29. Жұмыскерлердің денсаулық жағдайын бақылау және медициналық тексерулерді уақытылы жүргізу. Патологиялық өзгерістер анықталған жағдайда жұмыскерлерді кідіріссіз қосымша тексеру мен емдеуге жіберу.

30. Оқиғаларды (жазатайым оқиғалар, авариялар және кәсіптік аурулар) сапалы және уақытылы тексеріп отыру. Оқиғаларды тергеп-тексеру нәтижелерін персоналға жеткізу, болашақта осындай оқиғаларға жол бермеу жөнінде пәрменді шаралар қабылдау.

31. Жетістіктерін Қоғамға енгізу үшін ЕҚжЕҚ саласындағы жетекші компаниялардың ең жақсы тәжірибесін зерттеу және кеңінен пайдалану.

32. ЕҚжЕҚ қамтамасыз ету үшін ОА жұмыскерлерінің өкілдерін және филиалдардың барлық деңгейдегі басшыларын тарту, жұмыс беруші мен жұмыскерлер арасындағы мүдделердің оңтайлы теңгеріміне қол жеткізу.

## Өзгерістерді тіркеу парағы

| № р/р | Өзгерістер мен толықтырулардың № | Негіздеме | Өзгерістер мен толықтырулар бекітілген күн | Өзгерістер мен толықтырулар қолданысқа енгізілген күн |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |

**Утверждена**
**решением Правления**
**АО «Казтелерадио»**
**от «03» сентября 2024г. № 21**

# Политика в области безопасности и охраны труда в АО «Казтелерадио»

ҚАЗТЕЛЕРАДИО
ҚҰЖАТ ҚАЙТА ҚАРАЛДЫ
«ҚАЗТЕЛЕРАДИО» АҚ
ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗДІК ТЕХНИКАСЫ ҚЫЗМЕТІ
Қолданылу мерзімі
«03» қыркүйек 2027 ж. дейін ұзартылды
Лауазымы ЕҚжҚТҚ басшысы
Т.А.Ә. О.В. Русинова
Қолы
Күні "03" қыркүйек 2024 ж.
ДОКУМЕНТ ПЕРЕСМОТРЕН
СЛУЖБОЙ ПО ОХРАНЕ ТРУДА И ТЕХНИКЕ БЕЗОПАСНОСТИ
АО «КАЗТЕЛЕРАДИО»
Срок действия продлен до
«03» сентября 2027 г.
Должность Начальник СОТиТБ
Ф.И.О. Русинова О.В.
Подпись
Дата «03» сентября 2024 г.

| |
|---|
| **Разработал:** |
| **Русинова О.В.** |
| Начальник Службы по охране труда и технике безопасности |

## 1. Общие положения

1. Политика в области безопасности и охране труда в АО «Казтелерадио» (далее - Политика по БиОТ) разработана в соответствии с Трудовым кодексом Республики Казахстан, Уставом, внутренними документами и иными законодательными и нормативными актами, действующими на территории Республики Казахстан для обеспечения здоровых и безопасных условий трудовой деятельности работников АО «Казтелерадио».

2. Политика по БиОТ - официальное заявление об обязательствах перед работниками по непрерывному совершенствованию безопасности и охраны труда за счет создания и укрепления лидирующей роли руководящего состава АО «Казтелерадио», эффективной системы управления и обеспечения ресурсами.

3. Политика по БиОТ определяет цели, принципы, направления работы с персоналом, что является единой системой организации работы по охране труда и технике безопасности в структурных подразделениях центрального аппарата и филиалах АО «Казтелерадио».

4. Действие Политики по БиОТ распространяется на все структурные подразделения ЦА и филиалы АО «Казтелерадио».

## 2. Сокращения

5. В Политике по БиОТ применяются следующие сокращения:

1) РК – Республика Казахстан;
2) Общество – АО «Казтелерадио»;
3) ЦА – Центральный аппарат;
4) СП – структурные подразделения;
5) ОТиТБ – охрана труда и техника безопасности;
6) БиОТ – безопасность и охрана труда;
7) ВНД – внутренний нормативный документ.

## 3. Нормативные ссылки

6. В настоящем документе использовались действующие законодательные и нормативные документы РК и ВНД Общества:

1) Трудовой кодекс РК;
2) Уголовный кодекс РК
3) Технический регламент «Общие требования к пожарной безопасности»;
4) Кодекс РК «О здоровье народа и системе здравоохранения»;
5) Правила и сроки проведения обучения, инструктирования и проверок знаний по вопросам безопасности и охраны труда работников, руководителей и лиц, ответственных за обеспечение БиОТ;
6) приказ и.о. Министра здравоохранения РК «Об утверждении целевых групп лиц, подлежащих обязательным медицинским осмотрам, а также правил и периодичности их проведения, объема лабораторных и функциональных

исследований, медицинских противопоказаний, перечня вредных и (или) опасных производственных факторов, профессий и работ, при выполнении которых проводятся предварительные обязательные медицинские осмотры при поступлении на работу и периодические обязательные медицинские осмотры и правил оказания государственной услуги "Прохождение предварительных обязательных медицинских осмотров»;

7) Нормы оснащения технического персонала филиалов АО «Казтелерадио»;

8) Правила обязательной периодической аттестации производственных объектов по условиям труда;

9) Правила техники безопасности при эксплуатации электроустановок потребителей;

10) Санитарные правила «Санитарно-эпидемиологические требования к зданиям и сооружениям производственного назначения»;

12) Требования безопасности и охраны труда в организациях телерадиовещания Республики Казахстан;

13) Нормы бесплатной выдачи специальной одежды, специальной обуви и других средств индивидуальной защиты персоналу филиалов АО «Казтелерадио».

## 4. Основные принципы в области БиОТ

7. Признание приоритета жизни и здоровья работников по отношению к результатам производственной деятельности.

8. Никакие соображения экономического, технического или иного характера не могут быть приняты во внимание, если они противоречат интересам обеспечения безопасности работающих на производстве.

9. Персонал Общества является основным ресурсом в формировании высокой производственной культуры.

10. Все работники Общества несут ответственность за выполнение требований, связанных с БиОТ.

11. Чёткое соблюдение требований БиОТ всеми работниками Общества играет ключевую роль в успехе её деятельности.

## 5. Цели

12. Недопущение смертельного травматизма, несчастных случаев, профессиональных заболеваний и производственных аварий.

13. Минимизация рисков, связанных с возможным нанесением ущерба жизни и здоровью работников.

14. Ориентация на уровень и качество знаний и навыков, компетентность в области БиОТ, воспитание у работников всех уровней культуры безопасности труда, ответственного отношения к соблюдению норм и правил ОТиТБ.

## 6. Направления реализации и приверженность

15. Обеспечение выполнения требований действующего законодательства РК и корпоративных стандартов в области БиОТ выражено в:

1) обеспечении безопасных и здоровых условий труда для каждого работника;

2) организации и проведения оценки условий труда;

3) разработке и принятии нормативных правовых актов, обеспечение документацией по безопасному ведению работ, согласно требований РК в области БиОТ;

4) постоянном совершенствовании управления БиОТ;

5) создании условий для открытости, прозрачности и доступности информации в области БиОТ для работников Общества;

6) внедрении безопасной техники и технологий, индивидуальной и коллективной защиты работников;

7) осуществлении мониторинга в области БиОТ;

8) выполнении производственных планов и улучшение экономических показателей без допущения предпосылок и условий, повышающих риски, связанные с возможным нанесением ущерба жизни и здоровью работников;

9) установлении единого порядка учета несчастных случаев на производстве и профессиональных заболеваний;

10) развитии внутреннего доверительного диалога в Обществе, исключающего умалчивание или сокрытие фактов нарушений требований БиОТ, приводящие к вынужденному бездействию руководителей филиалов и СП ЦА;

11) надзоре и контроле за соблюдением требований законодательства РК в области БиОТ;

12) ужесточении ответственности должностных лиц за допущенные нарушения требований БиОТ, вызванные как пренебрежением нормами законодательства в области БиОТ, так и бездействием в отношении известных им фактов, имеющихся нарушений в этой области;

13) содействии осуществления общественного контроля за соблюдением прав и законных интересов работников в области ОТиТБ;

14) обеспечения оптимальных режимов труда и отдыха работников;

15) организации и проведения наблюдения за состоянием здоровья работников;

16) соблюдении подрядными организациями стандартов и норм в области БиОТ, принятых в РК и ВНД, принятых в Обществе, а также усилении контроля их деятельности;

17) защите законных интересов работников, пострадавших от несчастных случаев на производстве и профессиональных заболеваний, а также членов их семей;

18) установлении компенсаций за тяжелую работу и работу с вредными и (или) опасными условиями труда, не устранимыми при современном техническом уровне производства и организации труда;

19) распространении передового отечественного и зарубежного опыта работы по улучшению условий и охраны труда;

20) подготовке и повышении квалификации инженеров по БиОТ;

21) организации государственной статистической отчетности об условиях труда, а также о производственном травматизме, профессиональной заболеваемости и об их последствиях.

22) пересмотр, корректировка и совершенствование политики в области БиОТ в Обществе по мере необходимости.

## 7. Пути достижения целей/обязательства

16. Считать обеспечение БиОТ одним из приоритетных направлений деятельности Общества.

17. Обеспечивать выполнение работниками Общества и контролировать соблюдение подрядными организациями требований законодательства РК, международных и национальных стандартов, технических регламентов, норм и правил в области БиОТ, внутренних нормативных документов Общества, касающихся БиОТ.

18. Постоянно актуализировать, а при необходимости разрабатывать новые внутренние нормативные документы по БиОТ, в соответствии с потребностями производства.

19. Создавать работникам здоровые и безопасные условия труда на рабочих местах, разрабатывать и реализовывать комплексные планы мероприятий, направленные на минимизацию производственного травматизма и профессиональных заболеваний, своевременно обеспечивать их необходимыми ресурсами.

20. Требовать от работников соблюдения требований норм и правил в сфере БиОТ, не оставлять без внимания нарушения данных требований.

21. Принимать действенные меры по предупреждению производственных аварий и несчастных случаев, минимизации профессиональных заболеваний, улучшению санитарно-технического состояния производственных объектов.

22. Применять передовые инновационные технологии, установки, высокотехнологичные машины, механизмы и оборудование, обеспечивающие максимальную безопасность и надёжность при эксплуатации.

23. Обеспечивать работников современными и эффективными средствами индивидуальной и коллективной защиты.

24. Своевременно идентифицировать существующие и потенциальные опасности, добиваться полноты оценки рисков и эффективного управления ими, снижения их до уровня, соответствующего целям Общества, обеспечивать широкую вовлеченность всего персонала в эту работу.

25. Применять современные прогрессивные информационные коммуникации в сфере ОТиТБ, повышать осведомлённость и поддерживать двухсторонний и многосторонний обмен информацией персонала со всеми заинтересованными сторонами о проводимой в Обществе работе, передовом международном и корпоративном опыте, проблемах и их решениях.

26. Повышать эффективность производственного и внутреннего контроля в области БиОТ, своевременно проводить все виды необходимых инструктажей.

27. Постоянно повышать уровень профессиональных знаний и навыков работников, гармонизировать их с требованиями в сфере БиОТ.

28. Регулярно оценивать знания и навыки работников в сфере БиОТ, не допускать к работе работников, не прошедших установленные законодательством программы обучения и не прошедших проверку знаний.

29. Наблюдать за состоянием здоровья работников и своевременно проводить медицинские осмотры. При выявлении патологических изменений безотлагательно направлять работников на дообследование и лечение.

30. Качественно и своевременно расследовать происшествия (несчастные случаи, аварии и профессиональные заболевания). Доводить результаты расследования происшествий до персонала, принимать действенные меры по недопущению аналогичных происшествий в будущем.

31. Изучать и широко использовать лучший опыт компаний, лидирующих в области БиОТ для внедрения их достижений в Обществе.

32. Вовлекать для обеспечения БиОТ представителей работников ЦА и и руководителей филиалов всех уровней, достигать оптимального баланса интересов между работодателем и работниками.

## Лист регистрации изменений

| № п/п | № изменений и дополнений | Основание | Дата утверждения изменения и дополнений | Дата введения изменений и дополнений в действие |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |